

Петропавл қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 2012 жылғы 3 тамыздағы N 4 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 6 қыркүйекте N 1824 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 2013 жылғы 27 желтоқсандағы N 6 шешімі

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 27.12.2013 N 6 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56-бабы 1-тармағы 4) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына, «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 20-бабына сәйкес, Петропавл қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Петропавл қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетілсін:

1) тіс протездеу бағасының мөлшерінде жылына бір рет Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғаларға тістерін протездеуге (бағалы металдар мен металлокерамика, металлоакрилден жасалған протездерден басқа);

2) жылына бір рет Қазақстан Республикасының санаторийлері мен профилакторийлерінде Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғаларға санаторий-курорттық емделуге;

3) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Солтүстік Қазақстан облыстық филиалымен ай сайынғы ұсынылатын мәлімет негізінде Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне монша, шаштараз қызметтерінің төлеміне айына 230 теңге мөлшерінде;

4) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Облыстық туберкулезге қарсы диспансер» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының тізімдері негізінде туберкулезбен ауыратын тұлғаларға амбулаторлық емделу кезіне қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жол жүруге, қалалық қоғамдық көлікте айына қырық сегіз рет жол жүру құнынан аспайтын мөлшерде;

5) аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан, жан басына шаққандағы отбасы табысы он айлық есептік көрсеткіштен аспайтын, Петропавл қаласы аумағында тұрақты тұратын, Солтүстік Қазақстан облысының жоғары оқу орындарында оқитын, мемлекеттік жалпы білім алуға гранттар мен кредиттерге иегер болмаған, күндізгі оқу түрі бойынша оқитын студенттерге;

б) төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккен отбасыларға (азаматтарға) жан басына шаққандағы отбасының (азаматтың) табысына қарамастан жетпіс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы көмек;

7) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға кезекте тұрған жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға 12 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тоқсан сайынғы әлеуметтік көмек;

8) төрт және одан көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға кезекте тұрған толық емес көп балалы отбасыларға 12 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тоқсан сайынғы ә л е у м е т т і к к ө м е к .

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 14.12.2012 N 11 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

2. Әлеуметтік көмек көрсетуге шығындарды қаржыландыру 451-007-000 « Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек» бюджеттік бағдарламасы бойынша жү р г і з і л с і н .

3. Әлеуметтік төлемдер екінші деңгейлі банктер немесе «Қазпошта» акционерлік қоғамы арқылы бөлінген бюджеттік қаражат шегінде ақшалай қаражатты әлеуметтік көмек алушылардың жеке есеп шоттарына аудару ж о л ы м е н жү р г і з і л с і н .

4. Мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау үшін қажетті құжаттар тізбесі анықталсын, қосымшаға сәйкес.

5. «Петропавл қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы» Петропавл қалалық мәслихатының 2010 жылғы 12 наурыздағы № 2 шешімінің (2010 жылғы 7 сәуірдегі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 13-1-174, 2010 жылғы 9 сәуірдегі «Қызылжар нұры» газетінің № 17, 2010 жылғы 9 сәуірдегі «Перспект

СК» газетінің № 16 сандарында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

6. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а л а л ы қ м ә с л и х а т
сессиясының төрағасы А. Казанцев

Қ а л а л ы қ м ә с л и х а т
хатшысы Л. Жолмұқанова

КЕЛІСІЛДІ:

«Облыстық туберкулезге
қарсы диспансер»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорнының бас дәрігері П. Соболевский

«Зейнетақы төлеу
жөніндегі мемлекеттік
орталық» Республикалық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорны Солтүстік
Қазақстан облыстық
филиалының директоры Қ. Әмрин

Петропал қалалық маслихаты
2012 ж. 3 тамыздағы № 4
шешіміне қосымша

Әлеуметтік көмек тағайындау үшін қажетті құжаттар тізбесі

1. 1), 2), 5), 6), 7), 8) тармақшаларда көрсетілген әлеуметтік көмек түрлерінің өтініш берушілері үшін:

1) өтініш;

2) өтініш берушінің жеке басын куәландырушы құжат көшірмесі;

3) салық төлеуші куәлігінің көшірмесі;

4) тұрғылықты жерін растаушы құжат көшірмесі;

5) банктік шот нөмірін растаушы құжат көшірмесі.

2. Мынадай әлеуметтік көмек түрлерін тағайындау үшін беріледі:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша соларға теңестірілген адамдарға тіс протездеуге:

мәртебесін куәландырушы құжат көшірмесі;

тіс протездеу құны туралы ұйымнан шот-фактура;

2) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша соларға теңестірілген адамдарға

санаторлық-курорттық емделуге:
мәртебесін куәландырушы құжат көшірмесі;
санаторлық-курорттық емделуге мұқтаждығы туралы медициналық мекеме
қ о р ы т ы н д ы с ы ;

3) аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан студенттерге:
өтініш беруші отбасы мүшелерінің тапқан табысын куәландырушы құжаттар;
жоғары оқу мекемесімен жасалған шарт көшірмесі;
жоғары оқу мекемесімен берілген, аталған ЖОО оқу фактісін куәландырушы
а н ы қ т а м а ;

4) төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккен отбасылар (азаматтар) үшін:
уәкілетті органмен берілген, төтенше жағдай фактісін растаушы анықтама;

5) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға кезекте тұрған 18 жасқа
т о л ғ а н ж е т і м б а л а л а р ү ш і н :
жетімдік мәртебесін куәландырушы құжат көшірмесі;

«Петропавл қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар
көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінен өтініш
берушінің шын мәнінде тұрғын үй алуға кезекте тұрғаны туралы анықтама.

б) төрт және одан кейінгі бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар
т о л ы қ е м е с к ө п б а л а л ы отбасылар үшін:
ата-анасының біреуінің жоғын растаушы құжат көшірмесі (балаларға № 4
нысандағы анықтама, немесе ата-анасының біреуінің қайтыс болуы туралы
куәліктің көшірмесі, ажырасқаны туралы куәлік және т.б.);
балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері;

«Петропавл қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар
көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінен өтініш
берушінің шын мәнінде тұрғын үй алуға кезекте тұрғаны туралы анықтама.